



КеАҚ «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті»

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН


КеАҚ Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университетінің
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисов
«12» 09 2024 ж.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША,
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ
БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША
ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

№ 066

Атырау 2024ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ ІЙСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	2-бет, 15 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	АКТ әзірлеу және дамыту орталығының жетекшісі	Мендигалиев.Ж.Ж.		25.08.24
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	Чукуров А.Е.		2.08.24
Келісілді	Вице- проректор (цифрлік офицер)	Сүлейменова Ж.У		26.08.24
Келісілді	Сапа мониторинг кеңсесінің жетекшісі	Кайшыгулова Ж.Т.		24.08.24
Келісілді	Заңгер	Куанов К.С.		28.08.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	3-бет, 15 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	ҚО және ООН көмегімен оқу үдерісін ұйымдастырудың шарттары мен қағидалары	6
5	Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібі	6
6	Онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру тәртібі	9
7	Қорытынды ережелер	11
8	1-қосымша	13
9	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	15

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	4-бет, 15 беттен тұрады

1. Жалпы ережелер

- 1.1 Осы құжат Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі қашықтан білім беру технологиялары мен онлайн оқыту нысаны (ҚББ, ООН) қолданумен оқу үдерісін тиімді жүзеге асыру бойынша талаптарды реттейді.
- 1.2 Бұл құжат Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетіндегі білім беру үдерісіне жауапты бөлімшелерде қолданылады.
- 1.3 Осы құжат ішкі нормативтік құжат болып табылады және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің сапа менеджменті жүйесінің құжаттамасына кіреді.

2. Нормативтік сілтемелер

- 2.1 «Білім туралы» Заң 27.07.2007 ж. № 319-III (08.06.2024ж. өзгертулер мен толықтырулар;
- 2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен (12.10.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары.
- 2.3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 шілдеде № 28916 болып тіркелді. 20.02.2023. Жаңартылған
- 2.4 Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 22 сәуірде № 10768 тіркелді. 21.05.2024 Өзгертулер енгізілді.
- 2.5 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 қаңтарда № 33892 болып тіркелді

3. Терминдер мен анықтамалар

- 1) қашықтан оқыту – педагог пен білім алушылардың қашықтағы өзара әрекеттесуі кезінде, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;
- 2) асинхронды оқыту форматы – белгілі бір орын мен уақытқа байланысты емес білім беру процесіне қатысушылардың, оның ішінде ақпараттық жүйелердің және басқа байланыс құралдарының көмегімен өзара іс-қимылын болжайтын қашықтан оқыту немесе онлайн оқыту;
- 3) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	5-бет, 15 беттен тұрады

- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу әдістерінің және аппараттық-бағдарламалық кешен мен телекоммуникациялар желілерін қолдана отырып жүзеге асырылатын ақпараттық өзара іс-қимыл әдістерінің жиынтығы;
- 5) жаппай ашық онлайн-курс (бұдан әрі – ЖАОК) – электронды оқыту технологиялары қолданылатын, жаппай интерактивті қатысуға және Интернет арқылы ашық қол жеткізуге болатын оқыту курсы;
- 6) білім беру порталы – ақпараттық-телекоммуникациялық желінің көмегімен білім беру процесіне қатысушылардың білім беру сипатындағы ақпараттық ресурстар мен көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуіне арналған ақпараттық жүйе;
- 7) онлайн-курс – нақты уақыт режимінде, оның ішінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында (бұдан әрі – ЖЖОКББҰ) алдын ала жазылған дәрістерді пайдалана отырып, Интернет арқылы білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді алуға мүмкіндік беретін, ЖЖОКББҰ бекітетін оқу бағдарламасы;
- 8) онлайн-оқыту – білім алушы кеңістік және уақыт арақашықтығына қарамастан, педагог пен білім алушы арасында өзара іс-қимыл жасау арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Интернет арқылы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімді алатын кадрлар даярлаудың нақты бағыттары бойынша оқыту нысаны;
- 9) онлайн прокторинг – жеке тұлғаны верификациялау және онлайн-смитхандардан өту нәтижелерін растау жүйесі, ол жазбаның сақталуын, жеке адамды тану мен сәйкестендіруді, шу деңгейін анықтай отырып, бас пен дененің қозғалысын талдауды, мультифейсті тануды, бөлмені 360 градус режимінде жазуға сұрау салуды, күдікті оқиғаларды логациялауды қамтамасыз етеді;
- 10) синхронды оқыту форматы-білім алушылар ақпарат алатын, онымен өз бетінше немесе топтарда жұмыс істей алатын, оны басқалармен талқылай алатын ақпараттық жүйелердің (бұдан әрі – АЖ) және басқа да байланыс құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім беру процесіне қатысушылардың нақты уақытта тікелей байланысын (стриминг) көздейтін қашықтан оқыту немесе онлайн-оқыту қатысушылар мен оқытушылар кез келген жерден барлығы үшін бірыңғай уақыт кезеңінде;
- 11) оқытуды басқару жүйесі (LMS) (Элэмэс)-білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылы үшін қашықтан оқытуды және онлайн-оқытуды қамтамасыз ететін оқу материалдары мен құралдары кешенін қамтитын оқу курстарын әкімшілендіруге арналған платформа;
- 12) білім алушының цифрлық ізі-бұл LMS (Элэмэс) (оқытуды басқару жүйесі) және (немесе) өзге де платформаларда немесе ақпараттық жүйеде тіркелген Білім беру қызметінің нәтижелері туралы верификацияланған деректер жиынтығы;
- 13) цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі – СБР) – интерактивтік нысанда оқытуды қамтамасыз ететін, оқытылатын пәндер және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық болмыс және интерактивтік модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	КАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	6-бет, 15 беттен тұрады

4. **ҚО және ООН көмегімен оқу үдерісін ұйымдастырудың шарттары мен қағидалары**
- 4.1 ҚО және ООН бойынша білім алатын студенттің функциялары:
 - ҚО және ООН пайдаланумен өтінішті ауыстыру туралы немесе оқуға қабылдау;
 - әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
 - оқу жоспарында қарастырылған оқу сабақтарының барлық түрлерін орындауға;
 - практиканың барлық түрлерін өту үшін ;
 - ағымдық, межелік және қорытынды білім деңгейін бақылаудан өту.
- 4.2 ҚО және ООН бойынша оқытушының қолданатын функциялары:
 - оқу-әдістемелік материалдар және ресурстарды әзірлеу;
 - өзінің біліктілігін арттыруға;
 - коммуникациялар кестесін әзірлеу(сабақтар мен оқушының оқытушымен өзара іс-қимыл әдістері)және "on-line" режимінде консультациялар жүргізу .
 - "off-line" режимінде білім алушылармен кері байланысты ұйымдастырады;
 - студенттердің білімін бақылаудан өткізу,"on-line","off-line" режимінде білім алушылардың оқу жетістігін бақылайды. (Platonus, Teams, Zoom платформалары арқылы)
- 4.3 Кафедра функциялары:
 - ҚО және ООН бойынша жұмыс оқу жоспарларын пайдалана отырып әзірлеу;
 - қашықтықтан оқытудың электрондық оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу;
 - ҚО және ООН пайдалану арқылы іске асыратын оқу жоспарының барлық пәндері бойынша электрондық оқу-әдістемелік кешендерінің болуы,.
 - оқу-әдістемелік ресурстар сапасын бақылау.
- 4.4 АКТ әзірлеу және дамыту орталығының қызмет көрсету функциялары
 - Helpdesk;
 - 1) білім алушыларға арналған оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпараты бар парақтарымен білім беру порталының;
 - 2) телекоммуникациялық желіге шығу мүмкіндігі бар жабдықтың (Интернет, спутниктік теледидар);
 - 3) мультимедиялық сыныптардың және электрондық оқу залдарының;
 - 4) оқу контентінің;
5. **Қашықтан оқыту технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібі**
- 5.1 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті қашықтықтан оқытуды қамтамасыз етеді:
 - 1) мүгедек балалардың ҚО бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияны ұсынымы;
 - 2) халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстар мен фестивальдерге қатысушыларға;
- 5.2
 1. Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдерге қатысатын АУ білім алушыларға арналған оқу сабақтары оқытудың асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы арқылы ұйымдастырылады.
 2. Халықаралық, республикалық оқу-жаттығу жиындарына, спорттық жарыстарға, зияткерлік және шығармашылық конкурстарға, фестивальдарға қатысушыларды қашықтан оқытуға ауыстыру білім алушының, білім алушының ата-анасының немесе

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРИЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	7-бет, 15 беттен тұрады

басқа да заңды өкілінің білім беру ұйымы басшысының атына еркін нысанда жазылған өтініші негізінде жүзеге асырылады.

3. Қашықтықтан оқыту білім беру процесіне қатысушылардың орналасқан жеріне қарамастан қашықтықта, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылады.

5.3 Прокторинг жүйесін қамтамасыз ететін АУ ұйымдары үшін қашықтықтан оқытуды қолдана отырып қорытынды аттестаттау тапсыру көзделеді.

5.4 1. Денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы бар білім алушыны қашықтан оқыту "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады. Қашықтан оқыту кезеңі мен мерзімі дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысының медициналық көрсеткіштері негізінде айқындалады.

2. Денсаулық мүмкіндіктерінің уақытша шектеулері бар және АУ тұрақты түрде баруға мүмкіндігі жоқ тұлғаларға арналған оқу сабақтары оқытудың асинхронды және/немесе синхронды оқыту форматы және оқу материалдарын өз бетінше игеру арқылы білім беру ұйымының шешімі бойынша ұйымдастырылады.

3. Қашықтықтан оқыту үшін жіберілетін пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін оқыту нысанына қарамастан АУ дербес айқындайды және басқарма төрағасы – ректордың (бұдан әрі - Ректор) бұйрығымен бекітіледі.

4. Білім алушылардың білім беру бағдарламасын, деңгейін игеру процесінде пәнді және (немесе) модульді сақтауының мониторингі оқу процесіне қатысуы "Platonus" арқылы және тьютордың бақылауымен жүзеге асырылады.

5. АУ-да құқық, хореография, музыкалық өнер саласында кадрларды даярлау үшін бүкіл оқу кезеңінде пәндердің жалпы санынан жиырма пайыздан аспайтын Қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

6. "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-2-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагогикалық білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыруды жүзеге асыратын АУ-да Қашықтықтан оқытуға жол берілмейді.

7. АУ-да кадрларды даярлаудың қалған бағыттары бойынша кадрларды даярлау үшін бүкіл оқу кезеңінде пәндердің жалпы санының елу пайызынан аспайтын Қашықтықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

8. Онлайн оқытудың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары оқытудың асинхронды және синхронды форматының арақатынасын көрсетеді, бұл ретте синхронды сабақтардың арақатынасы ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген

9. 4.2 - 3-тармағында көрсетілген білім алушыларды Қашықтықтан оқытуға толық көшу кезінде АУ білім алушылардың ақпараттық жүйеге және электрондық сабақ кестесіне, электрондық журналға, электрондық ресурстарға қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

10. АУ осы Қағидалардың 4-тармағының 1), 2) тармақшаларында көрсетілген білім алушыларды "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІНҮЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	8-бет, 15 беттен тұрады

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6976 болып тіркелген) қағидаларда айқындалған тәртіппен жеке оқу жоспарын және білім беру бағдарламасын меңгерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.

11. АУ консультациялық қолдау көрсетуді және білім беру бағдарламасын меңгеру процесінде білім алушының пәнді сақтауына, сабаққа қатысуына, логирленуіне, материалдарды зерделеу барысына және тапсырмалардың уақтылы орындалуына қатаң мониторинг жүргізуді, оның цифрлық ізі арқылы бағалауға бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

12. Шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында қашықтан оқытуға көшу кезінде онлайн форматта жүзеге асырылуы мүмкін емес кәсіптік практика, зерттеу және эксперименттік жұмыс, зертханалық және студиялық сабақтар келесі академиялық кезеңдерге ауыстырылады.

13. Білім алушыларды академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқудың барлық кезеңіне академиялық кредиттердің жалпы көлемінде жиырма пайызынан аспайтын қашықтан оқыту форматына көшіруге рұқсат етіледі.

14. Білім алушыларды қос дипломдық бағдарламалар және білім алушыларды алмасу бағдарламалары бойынша дайындау үшін оқудың барлық кезеңіне академиялық кредиттердің жалпы көлемінен елу пайызынан аспайтын қашықтан оқыту форматына көшіруге рұқсат етіледі.

15. Халықтың ауруларының алдын алу мен емдеуді, санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды қамтитын әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде білім алушыларға академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша және екі дипломды және (немесе) бірлескен бағдарламаларды іске асыру кезінде академиялық кредиттердің көбірек көлемін қашықтан оқытуды қолдана отырып зерделеуге жол беріледі.

16. Білім алушылар ересектерге бейресми білім беру арқылы АУ-мен келісім бойынша білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерін, оның ішінде ЖАОК-ны меңгереді, олардың оқыту нәтижелері АУ-мен белгіленген тәртіппен дербес танылады, барлық оқу кезеңінде академиялық кредиттердің жалпы көлемінің жиырма пайызынан аспайды.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	9-бет, 15 беттен тұрады

- 6. Онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру тәртібі**
- 6.1 Білім алушыларды онлайн-оқытуға қабылдауды АУ "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырады. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17650 болып тіркелген) (бұдан әрі - қабылдаудың үлгілік қағидалары) бекітілсін.
- 6.2 "Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 қазандағы № 530 бұйрығымен бекітілген кадрларды даярлау бағыттарының тізбесі бойынша Онлайн-оқытуға жол берілмейді (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17513 болып тіркелген).
- 6.3 АУ онлайн-оқытуды жүзеге асырады және білім алушыларға Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жеке оқу жоспарын және білім беру бағдарламасын игерудің жеке кестесін қамтамасыз етеді.
- 6.4 Онлайн оқытуды ұйымдастыру бекітілген академиялық саясатқа, академиялық адалдық саясатына, студенттің ар-намыс кодексіне, этика, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу қағидаларына, ішкі сапа стандарттарына және өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес көздейді.
- 6.5 Онлайн-оқыту кадрларды даярлаудың тиісті бағыты үшін білім беру бағдарламаларының негізіне енгізілген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.
- 6.6 Онлайн оқытудың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) оқытудың асинхронды және синхронды форматының арақатынасын көрсетеді, бұл ретте синхронды сабақтардың арақатынасы ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде 20% - ын құрайды. Онлайн оқытудың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) оқытудың асинхронды және синхронды форматының арақатынасын көрсетеді, бұл ретте синхронды сабақтардың арақатынасы ЖАОК қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде 20% - ын құрайды.
- 6.7 АУ білім алушыны техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және дербес деректерді өңдеуге келісімді және онлайн-платформаның пайдаланушылық келісімінің шарттарын қабылдауды көздейтін білім алушымен шарт жасасалады.
- 6.8 Онлайн-оқыту АУ білім беру порталы арқылы жүзеге асырылады, оған келесілер кіреді:
1) оқытуды басқару жүйесін, оның ішінде курс элементтерінің кіріктірілген құрылымын: оқыту нәтижелерін және оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді тексеруге бағытталған бақылау тапсырмаларын, лекцияларды, практикалық, зертханалық тапсырмаларды, курсты бағалау саясатын, аудио, бейне-контентті, электрондық құжаттарды, суреттерді, медиасервистерге гиперсілтемелерді, электрондық кітапхананы міндетті түрде көрсете отырып, силлабустарды; Қоршаған ортаның платформасы, білім беру процесіне қатысушылармен кері байланыс, топтық сабақтарды ұйымдастыру, оқытушы-білім

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫННАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	10-бет, 15 беттен тұрады

алушының өзара іс-қимылы үшін қолжетімді корпоративтік арналар, білім алушы-білім алушы, оқытушы-оқытушы, әкімшілік-білім алушы;

2) білім алушылар туралы деректерді басқару жүйесі: жеке есеп жазбасына қол жеткізу, білім алушылардың үлгерімін, оқу процесін ашықтығын, қатысуын қамтитын оқу процесін басқару, онлайн курстарға немесе бейнеконференцбайланыс жүйесіндегі сабаққа сілтемелері бар асинхрондық және/немесе синхрондық оқыту форматын ескере отырып, оқу сабақтарының электрондық кестесі, оқу пәндеріне онлайн-тіркеу;

3) зерттеулерді басқару жүйесі: зерттеу жобаларының, жарияланымдардың, ғылыми әзірлемелердің, ғалымдардың базасы және зерттеу нәтижелері.

6.9 АУ қамтамасыз етеді:

1) білім алушыларды АУ-нің ғылыми-зерттеу қызметіне және әлеуметтік-мәдени өміріне тарту;

2) академиялық кезең басталғанға дейін кемінде 5 жұмыс күні бұрын АУ-нің білім беру порталында және ЖЖОКББҰ-ның дайындық актісімен жұмыс оқу жоспарларына сәйкес цифрлық контентті орналастыру;

3) келесі талаптарға жауап беретін сандық контенттің сапасы: толықтығы, әртүрлілігі, педагогикалық дизайнның болуы, мультимедиа. ЖЖОКББҰ Онлайн-курсы онлайн-курсты әзірлеу, орналастыру және/немесе пайдалану жөніндегі бекітілген ішкі нормативтік құжатқа сәйкес әзірленеді немесе пайдаланылады;

4) АУ-нің ресми платформасында ЖАОК және (немесе) халықаралық білім беру платформаларында жазылуды (Coursera (Курсэра), EdX (Эдикс), FutureLearn (Фьючелен), Udacity (Юдасити) қолдана отырып, білім беру бағдарламасы кредиттерінің жалпы көлемінің кемінде 10% - ын игеру;

Онлайн-оқыту нысанында оқытуға жалпы көлемі кемінде 72 сағат болатын соңғы 3 жылда

6.10 IT-құзыреті, онлайн-оқыту әдістемесі мен технологиясы саласында біліктілікті арттыру курстарынан өткен профессор-оқытушылар құрамы жіберіледі.

6.11 Кәсіптік практиканы, зерттеу және эксперименттік жұмыстарды, ғылыми тағылымдамаларды практика базаларында, ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардағы немесе қызмет аясындағы ұйымдарда күндізгі оқыту нысанда жүргізіледі. Бұл ретте, білім беру бағдарламасының ерекшелігіне байланысты онлайн нысанда өткізуге жол беріледі.

6.12 Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімінің мониторингі білім алушылар контингенті, курстар, контент бірліктері, нақты курстарға не оның контентіне жүгіну статистикасы, платформаға кіру логтары, курстардағы белсенділік серпіні, бағаларды бөлу, қатысу статистикасы бойынша талдамалық есептерді қалыптастыру жолымен АУ жүзеге асырылады.

6.13 Білім беру процесінің тиімділігін бақылау және талдау білім алушы мен оқытушының сандық ізін бақылау арқылы АУ жүзеге асырылады.

6.14 Аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу нысанын АУ дербес айқындайды. Аралық және қорытынды аттестаттауды онлайн нысанында өткізу кезінде онлайн прокторинг қолданылады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫННАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	11-бет, 15 беттен тұрады

- 6.15 Онлайн оқыту кезінде Академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып, жазбаша жұмыстардың барлық түрлерін қарыз алу тұрғысынан міндетті түрде тексеру жүзеге асырылады.
- 6.16 АУ білім беру порталы арқылы әкімшілік-басқару, оқытушылық, оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналының білім алушылармен, топ кураторларымен/эдвайзерлерімен, ағындармен кездесулер, кураторлық сағаттарды өткізу, білім беру процесі мәселелері бойынша студенттік клубтар отырыстарын өткізу регламентін әзірлейді және жариялайды.
- 6.17 Онлайн-оқыту және күндізгі оқыту нысандары бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау АУ қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. Білім алушыларды оқытудың бір нысанынан екіншісіне ауыстыру каникул кезеңінде және ақылы негізде жүзеге асырылады.
- 6.18 Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап АУ-ін бітіргенге дейін консультациялық сүйемелдеу үшін мыналарды қамтамасыз етеді:
- 1) өз функционалы шеңберінде онлайн оқытуда қажетті құзыреттері бар әкімшілік-басқарушылық, оқытушылық, оқу-көмекші және қызмет көрсету персоналының болуы;
 - 2) қолжетімді корпоративтік байланыс арналарының болуы;
 - 3) АУ-нің ресми сайтында жарияланған онлайн оқытуды ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулық материалдармен;
 - 4) АУ цифрлық ресурстарының, сондай-ақ оқыту процесінің тұсаукесерімен білім алушылар үшін бейімдеу апталарын ұйымдастыру.
- 6.19 Онлайн-оқуға түсетін тұлғаларды және білім алушыларды қабылдау сәтінен бастап АУ-ін бітіргенге дейін техникалық сүйемелдеу үшін мыналарды қамтамасыз етеді:
- 1) цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың, онлайн оқытуға тартылған мобильді қосымшалардың қолжетімділігі және үздіксіз жұмыс істеуі;
 - 2) онлайн оқытуға тартылған цифрлық инфрақұрылым мен цифрлық платформалардың ақпараттық қауіпсіздігі.

7. Қорытынды ережелер

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар академиялық мәселелер жөніндегі проректордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады және оның қолымен рәсімделеді. Түпнұсқаға және есептік жұмыс көшірмелеріне өзгерістер мен толықтырулар нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу тәртібі туралы Ереженің талаптарына сәйкес енгізіледі. Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапты болады.

Ереже қажетті жағдайда өзгертіледі.

Ереже қажеттілігіне қарай қайта қаралады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз бола алады:

-заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;

- басқарма төрағасы ректорының бұйрықтары;

құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;

-мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫННАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІНҒА ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	12-бет, 15 беттен тұрады

Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес Ережені келісуді Сапа мониторингі кеңсесі жүзеге асырады.

Күші жойылған Ережені ауыстыру және жою үшін ҚББ жауапты болады.

Есепке алынған Ереженің жұмыс данасын бөлімшеде сақтау үшін ҚББ жүктеледі.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІНҮЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	13-бет, 15 беттен тұрады

1-қосымша

Экстернат және онлайн-оқыту нысанында оқытуға жол берілмейтін жоғары білімі бар және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тізбесі.

Код	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағытының атауы
Онлайн оқыту нысаны	
Жоғары білім берудегі дайындық бағыттары-бакалавриат:	
6B011	Педагогика және психология
6B012	Педагог-тарбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері
6B013	Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы
6B014	Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау
6B015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау
6B016	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
6B017	Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
6B018	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша мамандар даярлау
6B019	Арнайы педагогика
6B071	Инженерлік және инженерлік
6B072	Өндірістік және өңдеу салалары
6B073	Өндірістік және өңдеу салалары
6B074	Су шаруашылығы
6B075	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
6B021	Өнер
6B055	Геология
6B091	Ветеринария
6B101	Денсаулық сақтау
6B121	Әскери іс
6B122	Ұлттық қауіпсіздік
6B123	Қоғамдық қауіпсіздік
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі дайындық бағыттары – магистратура:	

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОНЛАЙН-ОҚЫТУ НЫСАНЫ БОЙЫНША, ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІНҮЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ	14-бет, 15 беттен тұрады

7M011	Педагогика және психология
7M012	Педагог-тарбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері
7M013	Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы
7M014	Жалпы дамудың пәндік мамандануы бар мұғалімдерді даярлау
7M015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау
7M016	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдерді даярлау
7M017	Тілдер мен әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
7M018	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану бойынша мамандар даярлау
7M019	Арнайы педагогика
7M071	Инженерлік және инженерлік
7M072	Өндірістік және өңдеу салалары
7M073	Өндірістік және өңдеу салалары
7M074	Су шаруашылығы
7M075	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)
7M021	Өнер
7M055	Геология
7M091	Ветеринария
7M101	Денсаулық сақтау
7M121	Әскери іс
7M122	Ұлттық қауіпсіздік
7M123	Қоғамдық қауіпсіздік

